


ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
1996 жылдан шығады



Қ.А.ЯСАУИ атындағы ХҚТУ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК МҚТУ им. Х.А.ЯСАВИ

ХАБАРШЫСЫ НАВЕРЛЕР ВЕСТНИК HERALD



4-5

ТҮРКІСТАН

ШІЛДЕ-КАЗАН 2001

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

1996 жылдың қарашасынан бастап
екі айда бір рет шығады

№4-5 (30-31)

шілде-тамыз-қыркүйек-қазан 2001



АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

HABERLER ВЕСТНИК HERALD

"Хабаршы" ғылыми журналының бұл нөмірі Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің және Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 10 жылдығына арналады

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
оқытушы-профессорларының ғылыми еңбектері
Ж И Н А Қ Ы

С Б О Р Н И К
научных трудов профессорско-преподавательского состава
Международного Казахско-Турецкого университета им. Х. А. Ясауи

H. A. Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
Öğretim Üyelerinin İlmî Çalışmaları

COLLECTION
of Research Works of Hoja Ahmet Yasawi
Kazakh-Turkish International University's Staff

Р.М. АБДУЛЛАБЕКОВА
медицина ғылымдарының кандидаты,
ОҚММА доценті

И.О. БАЙДАУЛЕТ
медицина ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

З.А. КЕРІМБАЕВА
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ оқытушысы

"СЕРДЕЧНЫЕ" ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ЖҮРЕК ҚАНТАМЫР ДЕРТТЕРІНЕ ҰШЫРАҒАН НАУҚАСТАРДЫ КОМПЛЕКСТІК ЕМДЕРДЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Высокий уровень смертности по причине сердечно-сосудистых заболеваний вызывает тревогу. Нутрициологи и диетологи утверждают, что одной из важных причин является дефицит микронутриентов и в решении сложившейся проблемы немаловажную роль играет употребление биологически активных добавок к пище (БАД). Рассмотрена возможность использования БАД "Сердечные" в комплексной терапии больных сердечно-сосудистой патологией.

Dunyada, Kalp - Damar Sistemi hastalıkları sebebiyle ölüm oranının yükselmesi büyük tehlike teşkil etmektedir. Diyet uzmanlarının araştırmaları en önemli sebeplerden birinin mikro-gıda yetersizliği olduğunu ortaya çıkardı. Bu önemli sorunu çözmek için ürünlere biyolojik aktif maddeler konması gerektiği görüldü. Biyolojik aktif maddelerini, Kalp-Damar Sistemi patolojisi bulunan hastalarda kompleks terapiya dahil edilmesi imkanları ele alındı.

Nutritionists and dietologists confirm that the one of the main reasons is the deficit of micronutrients and that's why using of Biologically Active Addition to the food plays the great part in solving this problem.
The possibility of using Biologically Active Addition "Cardiac" in complex therapy of patients with cardiovascular pathology is shown in this article.

XX ғасырдың басынан бүкіл әлемде, әсіресе экономикалық дамыған елдерде, жүрек-қантамыр дерттерінен болатын өлім саны күрт жоғарылап кетті [1].

Мерзімсіз өлімнің ең басты екі себебінің біреуі-жүрек-қантамыр жүйесінің дерттері болса, екіншісі-қатерлі ісіктер [2]. Дүние жүзіндегі өлім санының 1/4-нің себептері болып жүрек-қантамыр дерттері табылады [3].

Жүрек-қантамыр жүйесінің дерттері, қатерлі ісіктер, семіздік, қормес дерттерімен қатар дұрыс тамақтанбау салдарынан болатын дерттерге жатады [3].

Америка Құрама Штаттарында жүрек қантамыр дерттерінен болатын өлім санының төмендеуінің 2/3 тамақтанудағы және өмір салтындағы өзгерістердің нәтижесі. Мамды артық пайдаланудың салдарынан Англияда жүрек дерттерінен болатын өлім саны жоғары болып отыр [1].

Россияда және басқа елдерде өткізілген эпидемиологиялық және клиникалық зерттеулердің берілгендері тұрғындардың сәуір бөлігі антиоксиданттық әсерге не витаминдер мен минералдық заттарды қабылдау деңгейі төмен екендігін дәлелдеп берді. Нәтижесінде, жүрек-қантамыр дерттерінің даму қаупі артады, ол дерттердің патогенезінің ең маңызды механизмдерінің ішінде липидтік алмасудың бұзылуы, липидтердің асқын тотығуының активизациясы, иммундық жүйе күйінің өзгеруі бар [4].

Жүрек-қантамыр дерттерін емдеу және алдын-алу әдістерінің ең тиімділерінің бірі болып диетотерапия табылатыны күмәнсіз. Дегенмен, тек қана диетотерапияны қолдану көбінесе организмдегі витаминдердің, макро- және микроэлементтердің, сонымен қатар басқа да биологиялық маңызды заттардың орнын толтыруға мүмкіндік бермейді [4].

Нутрициологтар мен диетологтардың әлемдік тәжірибелері көзімізді жеткізіп отырғандай, тұрғындарды аталып кеткен заттармен қамтамасыз етуді түп негізінен жақсартуға тағамға биологиялық белсенді қоспаларды [ББК] үнемі пайдалану көмектеседі [5, 6, 7].

Бұл топтағы заттарды үнемі және мақсатты көздей отырып қолдану бірнеше күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, олар организмге қажетті заттардың тапшылығын толтырады, екіншіден ББК қолдану көптеген патогенетикалық бұзылыстарды жоюға мүмкіндік бере отырып организмнің компенсаторлық мүмкіндіктерін табиғи жолмен жоғарылатады [8].

Біз "Леовит" фирмасымен (президенті Пилот Т.Л.) бірлесе отырып "Сердечные" биологиялық белсенді қоспа таблеткаларын ұсынып отырмыз. Оның құрамына долана тұнбасы, шүйгіншөп тұнбасы, калий және магний аспарогинаттары енеді [6,8].

Долана тұнбасының кардиотоникалық әсері бар. Жүрек бұлшық етінің жұмысын жақсарталы, оны шаршатпайды. Өсімдік құрамындағы тритерпендер мен флавоноидтар жұмсақ гипотензивтік әсер мен қантамыр қабырғаларының қызметін жақсартуды қамтамасыз етеді.

Шүйгіншөп тұнбасы долананың әсерін күшейтеп, толықтырады. Бұл өсімдіктің тамырсабақтары мен тамырларындағы биологиялық белсенді заттардың комплексі жүрек бұлшық етіне нейрорегуляторлық әсер етеді, осының арқасында жүрек ырғағы мен миокардтың жиыртылғыштығы қалпына келеді, ал бұл комплекстің седативтік әсері орталық жүкке жүйесіндегі тежеу процестерін күшейтеп, ұйқыны тыныштандырады.

Препараттың құрамына кіретін калий және магний тұздары жүрек ырғағының қалпына келуінде маңызды қызмет атқарады. Оларды "Сердечные" таблеткаларының құрамында қосымша енгізу организмдегі калийдің жетіспеушілігін толтырып, жүрек қызметін жақсартуға мүмкіндік береді. Оның үстіне, бұл микроэлементтердің тамақтанудағы жетіспеушілігі электролиттік бұзылыстарға әкелуі мүмкін. Ал мұндай бұзылыстар миокардтағы метаболизм процестерін өзгертіп, жүрек ырғағының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Біз "Сердечные" таблеткаларының жүрек-қантамыр жүйесінің дерттерінде қолдану мүмкіндігін қарастыру мақсатымен Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің клиникасының көсіптік патология бөлімшесінде ревматизмнің белсенді формасы, ревматоидтық артрит, II дәрежелі гипертониялық дерт және етеокардия дерттеріне шалдыққан 10 науқасты бақылауға алдық.

Науқастардың 5 тиесті терапиямен қатар "Сердечные" таблеткаларын I данадан күніне 3 рет қабылдады, ал қалған 5 науқас тек қана гипотензивтік, витаминдік және қан тамырларды емдеу терапиясын ғана алды. Емдеу мерзімі – 15 күн.

"Сердечные" таблеткаларымен емделген науқастардың жүрегінде ауырынуы азайды, енгізу аз болатын болды, артериялық қысым қалпына келді, ашуланшақтық азайды. Бақылау тобында ашуланшақтық және ұйқының бұзылуы сақталып қалды.

"Сердечные" таблеткаларының организмге жағымдылығын бағалау анкеталық-сұрақнама әдісімен жүргізілді, оның берілгендері I кестеде.

"Сердечные" таблеткаларының организмге жағымдылығын бағалау

Корсеткіштер	1 күн	7 күн	15 күн
I. Диспепсиялық құбылыстар:			
1. Кекіру.	0	0	0
2. Жүрек айну.	0	0	0
3. Қыжылдау.	0	0	0
4. Ащы дәм.	0	0	0
5. Іштің ауруы.	0	0	0
II. Седативтік әсер.	20%	40%	60%
III. Зәр айдайтын әсер.	0	60%	80%
IV. Аллергиялық әсер.	0	0	0

Кестедегі берілгендер бойынша тексерілгендердің ешқайсысында ББК қабылдағанда жағымсыз немесе аллергиялық реакциялар байқалмаған.

"Сердечные" таблеткаларын қабылдағанда 1 күннен кейін науқастардың 20%-да, ал емдеудің аяғында – 60%-да жұмсақ седативтік эффект болған, ол қозғыштықтың, ашуланшақтықтың төмендеуімен, ұйқының қалпына келуімен, демек ұшықтап кету уақытының қысқарғанымен, ұйқының тереңдігі мен ұзақтығының ұлғаюымен, ұйқы кезінде ояну жиілігінің төмендеуімен сипатталған.

Емдеудің 4-ші күнінен бастап аяғына дейін науқастардың 60-80%-да зәр айдайтын эффект болған.

Сонымен, "Сердечные" биологиялық белсенді қоспасын жүрек-қантамыр жүйесінің дерттеріне шалдыққан науқастарды комплекстік емдеу жүйесінің құрамына енгізуге ұсынамыз. Өйткені бұл шара осы дерттерді жоғары сапа корсеткіштерімен емдеуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пимет Т.Л., Шарманов Т.Ш., Абдуллабекова Р.М., Костенко В.В. Основные принципы фармаконутрициологии (биологически активные добавки к пище) -Астана, -Алматы, -Шымкент, -2001 -312 с
2. Робертсон Э. Пищевые продукты, питание и здоровье в Российской Федерации. //Вопросы питания. -2000. N3. -С 38-42.
3. Шарманов Т.Ш. Казахстан в контексте глобальных проблем питания. Концепция Национальной политики по питанию. //Клиницист. -1995. N3 -С 4-13.
4. Румянцева О.Н., Тутельян В.А., Погожаева А.В. и др. Биологически активные добавки к пище в комплексной терапии больных ишемической болезнью на фоне избыточной массы тела //Вопросы питания. -2000 -1,2. -С 44-46.
5. Шарманов Р.М. Тағамға биологиялық белсенді қоспалар. -Шымкент. -2001. -145 б.
6. Абдуллабекова Р.М. Тағамға биологиялық белсенді қоспалар. -Шымкент. -2001. -145 б.
7. Княжев В.А., Суханов Б.Л., Тутельян В.А. Правильное питание. Биодобавки, которые Вам необходимы. -М. ГЭОТАР МЕДИЦИНА. 1998. -208 с.
8. Пимет Т.Л., Белова Е.С. Биологически активная добавка "Сердечные" в сердечно-сосудистой патологии. //Фармацевтический бюллетень -1999 -N8 -С.15.

Г.А. ДУШАНОВА

медицина ғылымдарының докторы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

И.О. БАЙДАУЛЕТ

медицина ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

Р.М. АБДУЛЛАБЕКОВА

медицина ғылымдарының кандидаты,
ОҚММА доценті

З.А. КЕРІМБАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ оқытушысы

"МУМИВИТ" БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАСЫ НЕВРОЛОГИЯ ПРАКТИКАСЫНДА

В статье рассмотрена возможность таблеток "Мумивит", содержащих в своем составе уникальное природное средство мумие. Показано положительное влияние таблеток на динамику клинко-биохимических показателей и показателей водно-солевого обмена у больных неврологического отделения клиники Международного Казахско-Турецкого университета имени Ходжа Ахмета Ясауи.

The of using tablets with biologically active food addition «Mumiviten, which contains unique natural substance mumi is shown in this article. The positive influence of these tablets on the patients in complex therapy of patients' dynamic, clinicobiochemical water-salt exchange data has been determined in the Clinic of the international Kazach-Turkish University named after Hodzha Ahmet Yasavi.

Иәц Listesinde, ісегінде Mumiya doğal maddesi bulunan "Mumivit" tabletinin etkisi incelendi. Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Kliniğinin Noroloji bölümünde tedavi gören hastalar ісегінде bu tableti kullananlarda, іlacın organizmada kliniko-biokimik ve tuz-mineral degerlerinin dinamіğine olumlu etkiler gösterdiği behrlendi.

Мумие – Шығыс медицинасында бірнеше мың жылдардан бері белгілі дәрілік құрал және өлемнің мәдениетті дәстүрлері, флорасы және дәрілік құралдарының арсеналы әртүрлі елдердің халықтары мумиені әртүрлі дерттерде қолданған [1,2,3].

Осы бір жұмбақ зат әртүрлі елдердің ғалымдарының қызығушылығын тудырады. Мәселен, гректің жаратылыстанушысы және философы Аристотель туа біткен кереметті емдеуге, кекештікті жоюға, мұрыннан қан кетуді тоқтатуға ұсынған, ал Авиценна мумиемен бұйынның шайғуын, бет нервісінің параличін, сүйектің сынуын емдеген [4].

Мумиенің емдік қасиеті жалпы нығайтатын, репаративтік, жүйке-трофикалық әсерлерге байланысты. Мумиенің әсер ету негізінде тотығу-тотықсыздану және гидроликалық процестер жатыр. Сонымен қатар мумиенің гипофизарлы-адренал жүйесіне де әсері бар деген түсініктер бар. Демек мумие ақзаттық, нуклеиндік және минералдық атмасуға да әсер етеді. Препарат қан тұзу және иммундық реактивтік көрсеткіштеріне де жағымды әсер етеді. Сөйте тұра, мумиенің жедел және созылмалы ұйыттылығы өте төмен, тератогендік, канцерогендік, аллергиялық әсерлері жоқ [5].

Эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде мумиенің жүйке құрылымдарындағы регенеративтік процестерге күшті әсер ететіні дәлелденді.

Мумиені омыртқа остеохондроз тұсын компрессиондық-тамырлық синдромдарынан зардап шеккен науқастарды комплекстік емдеуде қолдану неврологиялық симптоматиканы толық редуциялауға жағдай тудырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің клиникасының неврологиялық бөлімінде "Леовит" фирмасы (президенті Пилат Т.Л.) өндіретін құрамында 0.1 г мумие бар тағамға биологиялық белсенді қоспа таблеткаларын жүйке жүйесінің дерттерін шалдыққан науқастардың комплекстік емдеу жүйесіне енгізе отырып қолданды.

Бақылауда омыртқаның мойын бөлігінің остеохондроздарына ұшыраған 7 науқас болды, олар негізгі емдеумен қатар 14 күн бойы "Мумивит" таблеткаларын 2 данадан күніне 4 рет қабылдады. Бұл кезеңде науқастардың қанының биохимиялық зерттеулерін өткіздік, бұл зерттеулер ақзаттардың, липидтердің, көмірсулардың алмасуын, қанның үю және үюға қарсы, гепатобилиарлық жүйелердің өзгерістерін бақылауға мүмкіндік берді. Нәтижелері 1 кестеде берілген.

1 кесте

Негізгі терапияға "Мумивит" таблеткаларын қоса емдеудің клиникалық-биохимиялық көрсеткіштердің динамикасы. (M±m)

Көрсеткіштер	Емдеуге дейін	Емдеуден кейін
Холестерин ммоль/л	6,23±0,21	5,66±0,23
Триглицеридтер ммоль/л	1,49±0,27	1,37±0,17
Глюкоза ммоль/л	6,20±0,32	5,36±0,36
Ақзат г/л	81,9±0,62	78,2±0,48
Зер қышқылы мкмоль/л	0,28±0,0	0,22±0,02
АЛТ шб/л	33,5±1,5	31,7±1,44
АСТ шб/л	30,3±1,5	24,6±1,17
Протромбин %	90,8±0,74	84,6±0,48
Фибриноген мг%	362±28,4	294±26,7
Фибрин акт мин.	199±12,5	168±15,2

Кестедегі берілгендер көрсеткендей, "Мумивит" таблеткалары ақзаттың, липидтік, көмірсулар алмасуына, гепатобилиарлық және қанның үю және үюға қарсы жүйелердің күйіне жағымды әсер етеді.

"Мумивит" таблеткаларының организмге жағымдылығын бағалау үшін анкеталық-сұрақнама әдісін қолданудың нәтижесінде бірде-бір науқаста келесі жағымсыз әсерлер анықталмады: кекіру, жүрек айну, қыжылдау, ашы дом сезіну, іштің ауруы, аллергиялық реакциялар.

Негізгі терапияға "Мумивит" таблеткаларын қоса емдеудің су-тұз алмасуының динамикасын зерттедік. (2 кесте).

2 кесте

Негізгі терапияға "Мумивит" таблеткаларын қоса емдеудің су-тұз алмасу көрсеткіштерінің динамикасы

Көрсеткіштер	Емдеуге дейін	Емдеуден кейін
Натрий урез ммоль/л	73,4±19,0	71,1±33,0
Тәуліктік диурез ммоль/л	1713±630	1654±600
Калий урез ммоль/л	38,5±24	36,5±25,2
Сарысу натрий ммоль/л	163±16,9	162±13,1
Сарысу калий ммоль/л	5,4±0,6	6,2±0,7
Сарысу магний ммоль/л	0,9±0,01	1,2±0,01

Наукастарда "Мумивит" таблеткаларымен емдеу барысында диурездің жоғары деңгейі тұрақты түрде қолдау тауып отырды. Бұнда натрий урез бен калий урездің ауытқулары қалыпты диапазонға сай келді: натрийдің төмен деңгейі және калиймен жақсы камтамасыз етілуі. Қан сарысуындағы калий мен магний мөлшері жоғарылау тенденциясына ие болды.

Сонымен "Мумивит" таблеткаларының жағымсыз әсерлері жоқ және оны организмнің адаптогендік қасиеттерін нығайту және қуаттандыру үшін, тотығу-тотықсыздану реакцияларын қалпына келтіру үшін, регенеративтік және репаративтік процестерді күшейту үшін және қабынуға қарсы препарат ретінде ұсынуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мумие и стимуляция регенеративных процессов. //Под ред. В.Д. Рогозина. – Душанбе: "Ирфон", 1971. 155 с.
2. Розен Б.Я., Шарипова Ф.С. Химия-союзник медицины. Алма-Ата, Наука-1984. 136 с.
3. Фролова Л.Н., Киселева Г.Л., Карпов А.А. Терминологические аспекты традиционной медицинской и фармацевтической деятельности в России. Современная этиология и синонимика мумие. //Фармация.-2000. -N4. С 17-61.
4. Абдуллабекова Р.М. Тағамға биологиялық белсенді қоспалар. Шымкент. -2011. 145 б.
5. Агаєарав Л., Корчиенко Б. Применение мумие в неврологической практике //Врач -1993. -N5. С 53-54.

МЕДИЦИНА

САРСЕМБАЕВ К.Т. САФРОНОВА Л.А.	Психотерапия невроза навязчивых состояний Невроздың жабысқак жағдайының психотерапиясы	183-187
-----------------------------------	--	---------

SARSEMBAYEV K.T. SAFRONOVA L.A.	Hefrozun Bağımsız Durumundaki Psikoterapi Psychotherapeutics of Obsessive States's Neurosis	
------------------------------------	--	--

АБДУЛЛАБЕКОВА Р.М. БАЙДАУЛЕТ И.О. КЕРИМБАЕВА З.А.	"Сердечные" тағамға биологиялық белсенді көспаны жүрек қантамыр дерттеріне ұшыраған наукастарды комплекстік емдерде қолдану тиімділігі Возможность использования БАД "Сердечные" в комплексной терапии больных сердечно- сосудистой патологии	188-190
---	---	---------

ABDULLABEKOVA R.M. BAIDAULET I.O. KERIMBAYEVA Z.A.	"Serdeçniye" Yemeğe Biolojik Aktiv Madedinin Kalp-Damar Hastalıklarının Tedavisinde Kullanılması Verililiği The high level of mortality caused by cardio- vascular diseases is worried the society	
--	--	--

ДУШАНОВА Г.А. БАЙДАУЛЕТ И.О. АБДУЛЛАБЕКОВА Р. КЕРИМБАЕВА З.А.	"Мумивит" биологиялық белсенді көспасы неврология практикасында Биологический активный добавок "Мумивит" в неврологическом практике	191-193
--	--	---------

DUSHANOVA G.A. BAIDAULET I.O. ABDULLABEKOVA R.M. KERIMBAYEVA Z.A.	Nöroloji uygulamalarında "Mumivit" biyolojik aktif katışımı. "Mumivit" Biolojik Aktiv Madedinin Nöroloji Biology active addition "Mumivit" in neurological practice	
--	---	--

МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА

АЙМЕНОВ Ж.Т. АЛДИЯРОВ Ж.	Расчет тепловых характеристик теплоустановки с откидными отражателями термопокрытиями Күн энергиясын жылу қуатына айналдыратын жүйенің жылу сипатаматарын есептеу	194-200
-----------------------------	--	---------

AIMENOV Zh. T. ALDIYROV Zh.	Termo kaplı indirilir-kaldırılır reflektörlü helyum tesisatın termik özelliklerinin hesaplanması. Calculation the Methods of Thermal Characteristic System of Solar Energy Transformation	
--------------------------------	--	--

БАЙТЕЛІЕВ Т. ЖУЗБАЕВ С.С. САРСЕНОВ Б.Т.	Динамическое напряженное состояние полуполосы при боковом импульсном нагружении Изотропты тік төртбұрышты жазық денедегі серпімді дөйкесіз динамикалық толқындардың таралуы	200-205
---	--	---------

BAITELIYEV T. ZHUZBAYEV S.S. SARSENOV B.T.	The Distribution of Flat Elastic Non-Stationary Waves in Isotropic Rectangular	
--	---	--